



Міндеттерді бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 12 шілде N 332-е

1. Үкімет Аппаратының Басшысы мен оның орынбасарлары арасында

міндеттерді бөлу бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы
7 маусымдағы N 270 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Премьер-Министрдің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 12 шілдедегі
N 332-өкімімен
Бекітілген

Үкімет Аппаратының Басшысы мен оның орынбасарлары арасында
міндеттерді
БӨЛУ

Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының
Басшысы
С.И.Шуткин

Аппарат пен оған ведомстволық бағыныстағы басқа да ұйымдардың
қызметіне жалпы басшылық жасау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Парламентпен, Президент Әкімшілігімен және
аумақтар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылданған қаулыларының, Қазақстан
Республикасы Президенті мен Парламенті актілерінің Үкіметтің құзыретіне жататын
бөлігінің орындалуын ұйымдастыру.

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті

атқарушы органдардың қызметін үйлестіру.

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және Үкімет тағайындастының өзге де орталық органдардың басшыларын өздерінің лауазымдық міндеттерін тиісті тұрде орындағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар әзірлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң бастамашылығы құқығын жүзеге асыру мәселелері. Үкімет қабылдайтын нормативтік актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен үйлесуін қамтамасыз ету.

Үкіметтің Баспасөз қызметінің, Парламенттегі Үкімет өкілдігінің мәселелері.

Премьер-Министр мен оның орынбасарларының кеңесшілері топтарының.

Қорғаныс және құқық тәртібі бөлімінің

Заң бөлімінің

Кадр жұмысы бөлімінің жұмысын үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты

Басшысының бірінші орынбасары

Б.Т. Биманбетов

Өндірістік емес салаларды және агроенеркәсіп кешенінің салаларын басқаруды үйлестіру мәселелері.

Үкімет пен Үкімет Аппараты қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері.

Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің

Сыртқы байланыстар бөлімінің

Аграрлық сектордағы реформалар бөлімінің

Қаржы-шаруашылық бөлімінің

Мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы белгілеу секторының

Үкімет Аппаратының Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің жұмысын үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты

Басшысының орынбасары

Т.Қ. Бегахметов

Республиканың экономикалық дамуын талдау, экономикалық реформаларды жүзеге асыру барысына бақылауды ұйымдастыру. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы жоғары экономикалық кеңеспен өзара іс-қимыл.

ТМД мемлекеттерінің экономикалық интеграцияларын күшейтуді үйлестіру.

Мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері.

Бюджетті, кредиттік саясатты, ақша айналысын, еңбек және халықты жұмыспен қамтуды қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

Материалдық өндіріс салаларын басқаруды үйлестіру мәселелері.
Ғылыми-техникалық прогресс.

Экономикалық реформалар орталығының мәселелері.

Экономикалық саясат бөлімінің

Қаржы, еңбек және ақша айналысы бөлімінің

Өнеркәсіп саясаты және өнеркәсіп саясаты жөніндегі кеңесшілер тобы бөлімінің жұмысын үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты

Басшысының орынбасары - Аумақтық

даму бөлімінің менгерушісі

Қ.Е. Көшербаев

Аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселелері,
Президенттің актілері мен Үкіметтің шешімдерінің аймақтарда
орындалуын бақылау, жергілікті атқарушы органдардың кадр мәселелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты бөлімдерінің аймақтық проблемаларды шешудегі, республикалық шараларды жүргізу кезіндегі жұмыстарын үйлестіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты

Басшысының орынбасары - Үкімет Кеңесінің

бастығы Қ.Е. Ермекбаев

Үкімет пен оның Төралқасының мәжілістерін өткізу, Үкіметтің қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдерінің жобаларын өзірлеу мәселелері.

Президенттің, Парламенттің және Үкіметтің актілерінің, сондай-ақ Премьер-Министрдің тапсырмаларының министрліктерде, мемлекеттік комитеттерде, басқа да орталық органдарда, Үкімет Аппаратының бөлімдерінде орындалуы жөніндегі бақылауды ұйымдастыру.

Хат-хабарлардың Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшелерінде тиісті түрде жүруіне, Премьер-Министрдің атына жолданатын құжаттардың сапалы дайындалуына, Үкімет Аппаратында азаматтарды қабылдауға бақылауды қамтамасыз ету.

Үкімет Аппаратының бөлімшелерінде жұмыстарды жоспарлауды ұйымдастыруды талдау.

Үкімет Аппараты бөлімдерінің Премьер-Министрдің қатысуымен болатын іс-шараларды жүргізу кезіндегі жұмыстарын үйлестіру.

Өткізу режимін қамтамасыз етуді бақылау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК